

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398
Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2002 жылғы 29 тамыз N 936.
Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту инфрақұрылымын қалыптастыру
мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға
мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы
" 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 Жарлығына (Қазақстан Республикасының
ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 12, 77-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақтың 3) тармақшасында екінші сөйлем мынадай редакцияда
ж а з ы л с ы н :

"Аталған Қордың негізгі қызметі кредиттерді шағын бизнес жобалары
бойынша дербес түрде беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші
деңгейдегі банктеріндегі Қордың қаражатын конкурстық негізде шартты
орналастыру арқылы беруге бағытталуға тиіс."

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі
б і р а й м е р з і м д е :

1) Қазақстан Республикасының бұрын қабылданған нормативтік құқықтық
актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

2) Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының кредит саясаты туралы
меморандумын әзірлесін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық ол күшіне енгенге дейін туындаған құқықтық қатынастарға
қолданылмайды.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті